

Әкімдіктің 2014 жылғы 11 ақпандағы № 34 "Жұмыспен қамту 2020 жол картасының шегінде кәсіптік оқытуға 2014 жылға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 12 мамырдағы № 193 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 30 мамырда № 4776 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 18 шілдедегі № 815 қаулысымен бекітілген Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдарды оқытуды, олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесуді және оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді ұйымдастыру және қаржыландыру қағидасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 19 маусымдағы № 636 қаулысымен бекітілген Жұмыспен қамту 2020 жол картасын (бұдан әрі – Жұмыспен қамтудың жол картасы) іске асыру мақсатында Қостанай облысының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 11 ақпандағы № 34 "Жұмыспен қамту 2020 жол картасының шегінде кәсіптік оқытуға 2014 жылға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4508 болып тіркелген, 2014 жылғы 31 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген біліктілікті арттыру бойынша Жұмыспен қамту 2020 жол картасына қатысушыларды кәсіптік оқытуға 2014 жылға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылғы 1 наурыздан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Қ о с т а н а й

облысының әкімі

Н. Садуақасов

Әкімдіктің
2014 жылғы
№ 193 қаулысына қосымша

12

мамырдағы

Әкімдіктің
2014 жылғы
№ 34 қаулысымен бекітілген

11

ақпандағы

**Біліктілікті арттыру бойынша
Жұмыспен қамту 2020 жол картасына
қатысушыларды кәсіптік оқытуға 2014
жылға арналған мемлекеттік білім
беру тапсырысы**

№ р/с	Мамандықтардың коды мен атауы	Біліктіліктің коды мен атауы	Саны (адам)	Оқыту мерзімі
1	0 5 1 8 0 0 0 Есеп және аудит (салалар бойынша)	0 5 1 8 0 1 2 Бухгалтер	29	1 ай
2	1 1 1 4 0 0 0 Пісіру ісі (түрлері бойынша)	1 1 1 4 0 4 2 Электр газымен дәнекерлеуші	23	1 ай
3	1 1 1 5 0 0 0 Өндірістердегі электрлік-механикалық жабдықтар (түрлері бойынша)	1 1 1 5 0 4 2 Электр жабдықтарын жөндейтін және қызмет көрсететін электромонтер	10	1 ай
4	0 9 1 1 0 0 0 Электр және электрлі механикалық жабдықтарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу (түрлері бойынша)	0 9 1 1 0 1 3 Электромеханик	13	1 ай
	Барлығы		75	